Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №_____**

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

**1. Шарттың мәні**

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Тауарды жеткізу DDP «Инкотермс 2020» шарттарында жүзеге асырылады.

1.3. Тауардың саны мен сапасы, тауар бірлігі, оның техникалық сипаттамалары, жеткізу мерзімдері, жеткізу орны және Тапсырыс берушінің мекенжайы Шартқа №1 және №2 қосымшалармен айқындалады.

**2. Анықтамалар**

2.1. Осы Шартта төменде келтірілген анықтамалар мен ұғымдар келесідей мағынаға ие болады:

2.1.1. Шарттың жалпы сомасы - Шарттың аясында өзінің келісімшарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлейге тиісті соманы білдіреді.

2.1.2. Тауарлар - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Өнім беруші Шарт шеңберінде Тапсырыс берушіге жеткізуге тиіс қатты, сұйық немесе газ түріндегі нәрселерді (заттарды), оның ішінде жартылай фабрикаттарды немесе шикізатты, электр және жылу энергиясын, шығармашылық зияткерлік қызметтің объективті нәтижелерін, сондай-ақ сатып алу-сату мәмілелерінің мәні болып табылуы мүмкін заттық құқықтарды білдіреді.

2.1.3. Ілеспе жұмыстар (қызметтер) – Өнім берушінің Тауарды монтаждау, құрастыру, іске қосу-жөндеу, пайдалануға енгізу және Шартта көзделген басқа да жұмыстарды (қызметтерді) орындау бойынша міндеттемелері;

2.1.4. Хабарлама - Шарттың Тараптары арасында хат, жеделхат, телекс немесе факс түріндегі, кейіннен түпнұсқаны ұсына отырып берілетін, жеткізілгеннен кейін немесе онда көрсетілген күні осы күндердің қайсысы кешірек орын алуына байланысты күшіне енетін хабарлама.

2.1.5. Қабылдап алу-тапсыру актісі – Тапсырыс берушінің Тауарды қабылдап алу фактісін растайтын, ресімдеу және қол қоюы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) Веб-порталда қарастырылған нысан бойынша жүзеге асырылатын құжат;

2.1.6. Кемшіліктер– Тауардың Шарттың шарттарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті талаптарға сәйкес келмеуі, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: бүлінулер, ақаулар, істен шығулар және т.б., Тауардың саны, сапасы және жиынтықтылығы бойынша сәйкес келмеуі, сондай-ақ орындалған Ілеспе жұмыстардың (қызметтердің) Шарттың шарттарына сәйкес келмеуі;

2.1.7. Қабылдау– Тапсырыс берушінің комиссиясының Тауарды қабылдап алуы;

**3. Шарт сомасы және төлем шарттары**

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

3.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.3.1. Аралық төлем шарттың 7-бөліміне сәйкес тауардың жеткізілгенін растайтын қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, егер шартта аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделген болса, аралық төлем аванстық төлем (алдын ала төлем) сомасының пропорционалды ұсталуын ескере отырып жүргізіледі. Ерекше шарттар: егер Өнім беруші сатып алынатын тауардың тауар өндірушісі (өтініш (декларация) негізінде сатып алынатын тауармен біртекті тауардың тауар өндірушісі немесе сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедектер ұйымы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлға) болып табылса, онда Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттың жалпы сомасының 30% мөлшерінде аванстық төлем аударады, ал ұзақ мерзімді сатып алу кезінде ұзақ мерзімді Шарттың қолданысының келесі 12 (он екі) айына тауарды жеткізу үшін көзделген соманың 30% - ы шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей шарттың нөмірі мен күнін көрсете отырып, төлем шотының ұсынылған түпнұсқасы негізінде. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

3.3.2. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тәртіптің 43-бабы 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Өнім беруші авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде; Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем) мынадай құжаттарды (құжаттарды) ұсыну негізінде жүргізіледі:

3.3.2.1. Төлем шоты;

3.3.2.2. Аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету. (Бұл ретте, егер аванс (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде берілмесе, шарт (ұзақ мерзімді шарт) бойынша төлемді Тапсырыс беруші қабылдау фактісі бойынша Шарттың талаптарында айқындалған мерзімдерде аванс (алдын ала төлемді) төлемей жүргізеді.)

3.3.2.3. Қордың тауар өндірушісімен шарт жасалған жағдайда "Самұрық-Қазына "ҰӘҚ" АҚ (бұдан әрі-Қор)-аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші шарт жасалған және өнім беруші алдын ала төлеуге шот берген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

3.4. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптар жеткізілген Тауарларды қабылдау-беру актісіне(-леріне) қол қойған және төменде көрсетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал егер Өнім беруші тауар өндіруші болып табылған жағдайда — 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі:

3.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

3.4.2. Шот-фактураны;

3.4.3. Қабылдау-беру актісі (қорлардың кіріс ордері)

3.5. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

3.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

3.7. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі.

3.8. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүзеге асырғанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін ресімдейді, оны алғаннан кейін Өнім беруші келіспеушіліктер болмаған жағдайда 3 (үш) жұмыс күні ішінде екі данада қол қоюға және Тапсырыс берушіге ұсынуға не келіспеушіліктердің бары туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге міндетті. Әйтпесе, Өнім беруші наразылық, келіспеушіліктер қою құқығынан айырылады және өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға міндетті.

3.9. Тауардың құны түпкілікті болып табылады және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, өзгертілуге жатпайды және оның қаптамасының, таңбалануының құнын, тасымалдауға арналған шығыстарды, құрастыруды, сәйкессіз сападағы немесе кемшіліктері бар Тауарды ауыстыру және жөндеу бойынша шығыстарды, Ілеспе жұмыстардың (қызметтердің) құнын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке барлық салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді, сондай-ақ Өнім берушінің Шарт бойынша Тауарды жеткізуге байланысты, Өнім беруші жұмсаған немесе болашақта жұмсайтын барлық шығыстар мен шығындарды, сондай-ақ Өнім беруші өз мойнына алған барлық міндеттемелерді және олардан туындайтын кез келген салдарларды, оның ішінде Тапсырыс берушіге берілген патенттік, авторлық құқықтар, тіркелген конструкциялар немесе Тапсырыс беруші сатып алған Тауарға және/немесе оның құрамына кіретін бағдарламалық қамтамасыз етуге қатысты осыған ұқсас құқықтар үшін төленуге тиіс барлық сомаларды қамтиды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.10. Өнім берушімен есеп айырысу кезінде Өнім беруші Тапсырыс берушінің Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге тиісті соманы мына сомаға: Өнім берушінің Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші қоятын айыппұл санкциялары және/немесе шығындар; төленген аванстардың (алдын ала төлемдердің); Өнім берушінің Тапсырыс берушіге төлеуге жататын кез келген берешегінің сомасына бір жақты тәртіппен азайтуға (өзара есепке алу тәртібімен) құқылы екеніне келіседі.

3.11. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толығымен немесе ішінара дау айтса, Тапсырыс беруші бұл туралы Өнім берушіге дереу хабарлауы тиіс, ал Өнім беруші соманың даулы емес бөлігіне жаңадан шот және соманың даулы бөлігіне жаңа шот қоюы тиіс. Тараптар даулы сомаларға және оларды түзетуге қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

3.12. Кез келген шот-фактураның төленгені, төленбегені немесе төлеміне қарсылық білдірілгені, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Өнім берушінің шот-фактураларын танығанын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем оның шотта қойылған кез келген соманың негізділігіне одан әрі дау айту құқығын сақтау шартымен жүргізіледі.

3.13. Тапсырыс берушінің және/немесе Өнім берушінің заңды/іс жүзіндегі мекенжайы өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-біріне 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жіберу арқылы (Шарттың нөмірін көрсете отырып және "бухгалтерия үшін" деген ескертпемен) алдын ала хабарлайды, осындай өзгерістер күшіне енген күннен бастап, соның негізінде одан әрі өзара есеп айырысулар жүргізіледі.Жоғарыда көрсетілген хабарлама мерзімдері бұзылған немесе Өнім беруші төлем үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеген нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілген жағдайда, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерді тиісінше орындады деп есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші дұрыс емес деректемелер бойынша ақшаны аудару нәтижесінде жұмсалған қосымша шығыстардың сомасын бір жақты тәртіппен ұстап қала отырып, алынған ақшаны Өнім берушіге аударуға міндетті.

3.14. Қазақстан Республикасының Тауарды жеткізу кезінде немесе жеткізуге тікелей байланысты төленетін салықтарға, кедендік және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар осы Шартқа қосымша келісімге қол қою арқылы тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

## 4. Тауарларды буып-түю және таңбалау

4.1. Тауарды жеткізуге арналған қаптаманы бастамас бұрын, Өнім беруші тауарды атмосфералық жауын-шашыннан, күн сәулесінен, коррозиядан, тиеу-түсіру кезіндегі апаттардан қорғауға, тасымалдау және сақтау шарттарын сақтауға, атап айтқанда: тазалау, бояу, майлау, қорғаныш пленканы жағу, нәзік бөлшектерді алу, жабдықтың ішкі бөліктерін дірілден немесе соққылардан қорғау үшін байлау немесе бекіту сияқты сақтық шараларын қолдануы тиіс.

4.2. Егер Шарттың талаптары бойынша және/немесе МЕМСТ-тардың талаптарына сәйкес Тауар тиісті түрде оралуы тиіс болса, қаптама тасымалдау кезінде Тауарды ықтимал қайта тиеулерді, температуралық режимді және ылғалдылықты, басқа жүктермен үйлесімділікті ескере отырып, барлық түрдегі зақымданулардан толық қорғауы тиіс, сондай-ақ қаптаманы қолмен немесе кранның көмегімен тасымалдауға қолайлы болуы тиіс. Тауарды орау кезінде Өнім беруші кез келген көлік түрімен тасымалдау кезінде Тауардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қаптамаға қойылатын тиісті талаптарды басшылыққа алуы тиіс. Су өткізбейтін конверттегі орау парағының бір данасы әрбір қаптамаға салынуы тиіс. Бұл ретте, егер Шарттың және оған қосымшалардың шарттарында өзгеше көзделмесе, қаптама Тапсырыс берушімен қайтарылуға жатпайды.

4.3. Өнім беруші арнайы жұмыс істеуді және/немесе тасымалдауды және/немесе сақтауды талап ететін Тауар бірліктерін, сондай-ақ ауа райының өзгеруіне ұшырайтын Тауарды арнайы анықтап, Тапсырыс берушіге мұндай заттармен жұмыс істеу үшін қажетті сақтық шараларын хабарлауы тиіс.

4.4. Өнім беруші Тауарды тиісінше және ұқыпсыз қаптау немесе қорғау салдарынан туындаған барлық жоғалтулар мен залалдар үшін жауапты болады.

4.5. Ыдыс және (немесе) қаптама тасымалдау бойынша мемлекеттік және халықаралық стандарттарға (немесе техникалық шарттарға) сәйкес болуы және автокөлік, теміржол немесе әуе көлігімен түсіру, сақтау және тасымалдау кезінде толық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

4.6. Әрбір жәшіктің немесе қаптаманың сыртқы жағына су өткізбейтін қағаздан жасалған конверт орау парағының көшірмесімен бекітіледі. Конверт жәшікке бекітілген металл пластинамен жабылуы тиіс. Орау парағының екінші данасы Тауар салынған жәшікке салынуы тиіс. Егер Тауар қаптамасыз немесе жұмсақ орындалудағы қаптамада жөнелтілсе, конверт тікелей Тауардың жұмыс істемейтін бөліктеріне бекітіледі.

4.7. Егер көзделсе, техникалық құжаттама, атап айтқанда Тауардың паспорттары мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықтары қажет болған жағдайда Тауар салынған жәшікке немесе қаптамаға салынады.

4.8. Таңбалау Тауарды дайындаушы зауыт қабылдаған МЕМСТ-қа және ТШ-ға сәйкес жүргізіледі.

4.9. Таңбалау Тауар салынған әрбір жәшіктің немесе қаптаманың үш жағына (әрбір жәшіктің қақпағына, алдыңғы және сол жақ жағына) орыс тілінде өшпейтін бояумен жағылады. Тауар салынған әрбір жәшік келесідей таңбалануы тиіс: • Жөнелтушінің атауы • Баратын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

пункт • Абайлаңыз • Жоғарысы • Лақтырмаңыз • Құрғақ жерде ұстаңыз • №_____ Шарт • Жалпы салмағы _____ кг • Таза салмағы _____ кг • №_____ Жәшік немесе қаптама • Өлшемдері _____ • Көлемі _____ (см.куб) • Ауырлық орталығы.

4.10. Өнім беруші механикалық көтергіш құрылғыларды пайдалануды талап ететін ірі габаритті немесе ауыр салмақты жүктердің барлық қаптамаларында тік қалпын, көтеру нүктелерін, салмағы мен өлшемдерін анық белгілеуге, қажет болған жағдайда, ауырлық орталығын белгілеуге міндетті.

**5. Жеткізу мерзімдері мен талаптары**

5.1. Өнім беруші Тауарды Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.

5.2. Тауар Тапсырыс берушіге Қабылдап алу-тапсыру актісіне (актілеріне) сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелген сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі

5.3. Тауарды жеткізуді Өнім беруші Тапсырыс берушінің қоймасына дейін DDP (Инкотермс 2010) шарттарымен жүзеге асырады. Тауарды межелі пунктке дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және төлейді, ал осыған байланысты шығыстар Шарттың Жалпы сомасына қосылады.

5.4. Өнім беруші (не оның өкілі) Тауармен бірге Тауарды жеткізу пунктіне келгенге дейін кемінде 1 (бір) апта бұрын Тапсырыс берушіге мынадай құжаттаманы жіберуге міндеттенеді: а) тауар-ілеспе жүкқұжат; б) сақтандыру сертификаты (егер тендерлік құжаттамада көзделсе); в) дайындаушының немесе Өнім берушінің кепілдік сертификаты (егер Техникалық ерекшелікте көрсетілсе - № 2 қосымша).

5.5. Жеткізілетін Тауардың сапасы Техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға толығымен сәйкес келуі тиіс (№2 қосымша).

5.6. Егер Өнім беруші жеткізудің жеке кезеңінде Тауарды жеткізбеуге жол берсе, ол жеткізілмеген Тауардың санын Шарттың қолданылу мерзімі шегінде келесі кезеңде (кезеңдерде) толықтыруға міндетті. (ЕТҰ жеткізілмеген Тауарды толықтыру кезінде Тапсырыс берушімен міндетті келісуді көздеуі мүмкін)

5.7. Өнім беруші Шартта көзделгеннен Тауарды аз мөлшерде жеткізу түрінде Шарттың шартын бұзған жағдайда, төлем іс жүзінде жеткізілген және белгіленген тәртіппен қабылданған Тауардың санына сәйкес жүргізілетін болады. Өнім беруші Тауарды көп мөлшерде жеткізген кезде төлем Шартта көзделген Тауар санына сәйкес жүргізілетін болады.

5.8. Ерекше жағдайларда, жөнелтудің транзиттік нормаларына байланысты, Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен Тауардың әрбір жеке санаты бойынша жеткізу көлемінен –3 (минус үш)% ауытқуға жол беріледі (тек өлшенетін және өлшенетін жүктер үшін – тонна, метр және т.б.), бұл ретте Тауарға ақы төлеуді Тапсырыс беруші іс жүзінде қабылданған Тауар үшін жүзеге асырады. Тауарды қаптарда, металл және пластикалық ыдыстарда, сондай-ақ үлкен массалы жәшіктерде жеткізу кезінде табандардың болуы көзделуі тиіс.

5.9. Тараптар Шарт бойынша Тауарды жеткізу шарттары басқа Тараппен алдын ала жазбаша келісімінсіз бір жақты тәртіппен өзгертілуі мүмкін емес екеніне келіседі.

5.10. Тауарларды ішінара және/немесе мерзімінен бұрын жеткізу Тапсырыс берушінің келісімімен жүргізілуі мүмкін.

5.11. Тапсырыс беруші Өнім берушіге хабарлай отырып, жеткізу мерзімі өткен Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

5.12. Өнім беруші Тауарды жеткізу мерзімін бұзған кезде, Тапсырыс беруші Шартты орындауға деген мүддесін жоғалтады. Бұл жағдайда Өнім беруші белгіленген жеткізу мерзімі өткеннен кейін Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз Тауарды жеткізуге құқылы емес.

**6. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері**

6.1. Өнім беруші:

6.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

6.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

6.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті Қабылдап алу-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

6.1.2.2. Шартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстар актісін (егер Шартта Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау көзделсе қолданылады) ұсынуға міндеттенеді.

6.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

6.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

6.1.5. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші аванстан (алдын ала төлемнен) бас тартқан және Тәртіптің 43-тармағының 8-тармағымен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда _____ түріндегі Шарт бойынша аванстық (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейінгі әрекет ету мерзімімен аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды енгізуді қамтамасыз етуге;

6.1.6. Тауарды қабылдап алу-тапсыру процесінде Тауардың сапасын, санын, сондай-ақ Тауардың Шарттың талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға;

6.1.7. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін рұқсат құжаттамасын (оны алу қажет болған жағдайда), оның ішінде экспорттық және импорттық лицензияны немесе өзге де ресми рұқсатты алуға, сондай-ақ Тауарды әкету, оны кез келген ел арқылы тасымалдау және Тауарды әкелу үшін қажетті барлық кедендік формальдылықтарды орындауға байланысты барлық шығыстарды өз мойнына алуға;

6.1.8. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауарға ұқсас және (немесе) бірыңғай тауарларға Өнім беруші ұсынатын бағалар туралы ақпарат беру мүмкіндігін қарауға (оның ішінде Өнім беруші қол қойған белгілі бір күндегі коммерциялық ұсыныстарды);

6.1.9. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын, оның ішінде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары мен Шартқа қосымшалардың талаптарын сақтауға (егер қосымшалар Шартта көзделсе, мысалы, Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде) міндеттенеді, сондай-ақ олар бойынша толық жауаптылықта болады. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Өнім берушіге жоғарыда көрсетілген талаптар толық сәйкестікке келтірілгенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындауға тыйым салынуы мүмкін. Бұл ретте Өнім беруші осы шарттарды бұзу нәтижесінде туындаған Тауарды уақтылы жеткізбегені үшін жауаптылықта болады;

6.1.10. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да басқа біреуге бермеуге;

6.1.11. Тапсырыс берушінің талабы бойынша осы Шарт шеңберінде жасалған барлық мердігерлік шарттардың көшірмелерін оларды тартқан сәтте Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді. Мердігерлердің болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші мердігерге мердігердің Өнім берушімен шартты бұзуына байланысты талаптар қоюға құқылы;

6.1.12. Тапсырыс берушінің жазбаша актісі бойынша онда көрсетілген Тапсырыс берушінің өкілдерін Өнім берушінің Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындауға қатысы бар құжаттарды (бухгалтерлік шоттарды, шот-фактураларды, шығыстар бойынша бастапқы құжаттаманы) алу және танысу құқығымен аудит жүргізуге жіберуге;

6.1.13. Тауарды жеткізу және Шарт бойынша монтаждау, құрастыру, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін біліктілігі, құзыреттілігі және жеткілікті тәжірибесі бар персоналды тартуға міндеттенеді. Осындай барлық персоналдың Қазақстан Республикасының заңнамасының барлық қолданылатын ережелерінде, нұсқаулықтарында, нормаларында және өзге де талаптарында көзделген біліктілігі, тәжірибесі және тиісті дайындығы болуы тиіс;

6.1.14. Тауарды қабылдап алу-тапсырудың түпкілікті актісіне/Орындалған жұмыстар актісіне (Ілеспе жұмыстар (қызметтер) жүргізілген кезде) қол қойылғаннан кейін, Тапсырыс берушінің талабы бойынша, 10 (он) күнтізбелік күні ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға;

6.1.15. Өнім берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде жол берген бұзушылықтары үшін толық жауаптылықта болуға, сондай-ақ Өнім берушінің экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан заңнаманы бұзушылықтары үшін Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салатын кез келген өндіріп алуды толық көлемде өтеуге;

6.1.16. Тауардағы ел ішіндегі құн үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге;

6.1.17. Егер Өнім беруші Қордың тауар өндірушілер тізілімінде (бұдан әрі - ЖЗҚ) тұратын сатып алынатын тауардың тауар өндірушісі болып табылған жағдайда, онда өнім беруші өз өндірісінің тауарын жеткізуге міндеттенеді. Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған сатып алынған тауарды қабылдау – беруді растайтын тиісті актіге, қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені Тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің осы міндеттемені орындауын растау болып табылады;

6.1.18. Салықтар мен бюджетке міндетті түрде төленетін басқа төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес келесідей ретте төленеді:

6.1.18.1. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

төлегені үшін толық жауапты болады және Тапсырыс берушіні Өнім берушіге жүргізілген немесе ол Шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы, оның ішінде салық қызметі Өнім берушіге есептеуі және салуы мүмкін (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда) барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды төлегені үшін кез келген және барлық талаптардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды.

6.1.18.2. Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының заңында, ережелерінде немесе нұсқаулықтарында қамтылса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге төлеуге тиесілі сомадан салық төлеу бойынша кез келген соманы ұстап қалады. Өнім берушіге кез келген ведомствода Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіні кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем, егер бастапқы төлем Өнім берушіге жүзеге асырылған болса, Өнім берушінің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Өнім берушінің алдында осындай жолмен ұсталған сома бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сондай-ақ Өнім берушіге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

6.1.18.3. Өнім беруші салық есептілігін дұрыс толтырмағандықтан, қарсы тексерулердің және/немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс комитетіне сұрау салулардың нәтижелері бойынша расталмаған есептеулерге дейін Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруға

6.1.19. Егер камералдық бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер жүргізу рәсімдері шеңберінде, сондай-ақ өзге де іс-шаралар арқылы мемлекеттік органдар Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) немесе растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС-тың артық сомасын қайтарудан бас тартылса немесе қосымша есептеуге салықтар енгізілсе, онда Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың артық сомасының барлығын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де енгізілген салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт тікелей Өнім берушімен өзара қарым-қатынаспен шектелмейді, сонымен қатар Өнім берушінің өз жеткізушілерімен өзара қарым-қатынасына да таралады, бұл қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растамау, қосылған құн салығын қайтармау және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге қойған салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларына әкеп соққан. Бұрын анықталған көрсетпеу (төлемеу) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кету сомасы не Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау орын алса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге ҚҚС қайтаруға жаңадан берілген талап және Өнім берушінің не 1, 2, 3 және т.б. деңгейлердегі Өнім берушілердің бұрн табылған бұзушылықтарды жоюлары нәтижесінде бұрын расталмаған сомаларды қайтарудың расталған жағдайында Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуін нақты қайтаруды алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Өнім беруші бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді.

6.1.20. Егер камералдық бақылау және/немесе тексерулер жүргізу рәсімдері шеңберінде, сондай-ақ өзге де іс-шаралар арқылы мемлекеттік органдардың Өнім берушіге босату шарттарының қолданылмауы себебінен төлем көзінен салық салудан негізсіз босатуды қолдануы анықталса, онда Өнім беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге тиіс салықтар мен қаржылық міндеттемелердің барлық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген оқиғалардың басталған фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

6.1.21. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша көрсетілген мерзімде Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Өнім берушінің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін ұсынуға

6.1.22. Егер бұл шарт техникалық ерекшелікте көзделсе, Тапсырыс беруші өкілдерінің жеткізілетін Тауарды зауыттық сынақтан өткізуге қатысуын өз есебінен қамтамасыз етуге, оның ішінде іссапар шығыстарын (Тапсырыс беруші орналасқан жерден зауыттық сынақтар жүргізілетін жерге дейін және кері қарай жол жүру, сондай-ақ Тапсырыс беруші өкілдерінің іссапарда болған кезеңінде тұру және тамақтану) төлеуге;

6.1.23. Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағына кіру/шығу, сондай-ақ көлік құралдары мен арнайы техниканы жылжыту/болу кезінде Тапсырыс берушіге және (немесе) оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және(немесе) стационарлық топтар/күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген жылжуға арналған рұқсатнаманы (рұқсатнамаларды), сондай-ақ жоғарыда көрсетілген адамдардың талабы бойынша Тапсырыс берушінің және(немесе) оның өкілінің (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және(немесе) стационарлық топтар/күзет қызметтері) Өнім берушінің көлік құралдары мен арнайы техникасына, оның ішінде тиісті құжаттарға толық тексеру жүргізу құқығын көрсетуге міндеттенеді. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және(немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге жібермеуге, сондай-ақ құқық бұзушылық, Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында қылмыс анықталған жағдайда аумақтан шығарып жіберуге немесе ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

6.1.24. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайын Тапсырыс берушіге Шартты орындауға тартылған барлық мердігерлер/қосалқы мердігерлер бойынша, олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және Өнім берушімен аффилиирлену белгілерінің болуын көрсете отырып, ақпарат ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші түпкі бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу мәніне тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады;

6.1.25. Сондай-ақ Жеткізуші келесіге міндеттеледі:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1.25.1. Жеткізілетін Тауарларға паспорттар, сынақ хаттамалары (егер бұл тендерлік құжаттамада көзделген болса) беру.

6.1.25.2. Тапсырыс берушінің байланыс тұлғасына Тауарды түсіру туралы мынадай ақпаратты көрсете отырып хабарлау: - Жеткізушінің атауы; - Шарттың нөмірі мен күні; - мемлекеттік нөмірлік белгі және көлік құралының түрі; - Шарттың қосымшасына қатаң сәйкестікте жеткізілетін Тауардың санын қоса алғанда, Жеткізілетін Тауар туралы ақпарат; - Шарт бойынша жеткізу күні; - нақты жеткізу күні (немесе болжамды күні). Хабарлама Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізу жоспарланған күнге дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын «Логистика және МТС бөлімінің бастығына» деген белгімен жіберілуі тиіс. Түсіру туралы хабарламаны уақтылы ұсынбаған кезде Тапсырыс беруші Тауар келіп түскен күні қабылдаудан бас тартуға және түсіру күнін 2 (екі) жұмыс күніне дейін кейінге қалдыруға құқылы.

6.1.25.3. Тапсырыс беруші Басқармасының жазбаша актісі бойынша Тапсырыс берушінің көрсетілген өкілдеріне Тапсырыс берушінің Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындауға жататын құжаттарды (бухгалтерлік шоттарды, шот-фактураларды, шығыстар бойынша бастапқы құжаттамаларды) алу және танысу құқығы бар аудитпен шектелмей, Тауарды өндіру/сақтау орнына/қоймасына тексеру жүргізуге рұқсат беру;

6.1.26. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес соңғы межелі пунктке тасымалдау кезінде бүлдірмей және зақымдамай жеткізуді қамтамасыз ету;

6.1.27. Шартта, Тәртіпте және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

6.2. Өнім беруші:

6.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

6.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

6.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

6.2.4. Тапсырыс берушіден аванстыі (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

6.2.5. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету құқылы.

6.3. Тапсырыс беруші:

6.3.1. Өнім беруші жеткізген тауарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

6.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Қабылдап алу-тапсыру актісіне Өнім берушіден Қабылдап алу - тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

6.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

6.3.4. Өнім берушіге Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген аванстыі (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді;

6.3.5. Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

6.4. Тапсырыс беруші:

6.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

6.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

6.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу және (немесе) шарттан бас тартуға құқылы.

6.4.4. Өнім берушіден қойылған тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын, Тауарды қабылдау кезінде туындаған залалдардың, шығыстардың сомасын төлеуді талап етуге;

6.4.5. Тауарды жеткізуге қатысты Өнім берушінің іс-әрекеттеріне орындаудың кез келген кезеңінде немесе осы Шартты орындаудың кез келген сәтінде бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Тапсырыс берушінің осы Шарттың мәселелері бойынша Өнім берушінің кез келген техникалық немесе өзге де ақпаратына қол жеткізуге құқығы бар;

6.4.6. Егер Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындамаса, Шарт бойынша төлемді тоқтата тұруға;

6.4.7. Өнім берушінің қызметіне араласпай, Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы мен Шарттың орындалу мәртебесі туралы ақпаратты сұратуға, тапсырысты дайындау барысы мен сапасын тексеруге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.4.8. Шарт бойынша және Тараптар арасындағы өзге де мәмілелер бойынша Өнім берушіге тиесілі төлемнен өсімпұл/айыппұл сомасын, жауапты сақтау үшін шығыстар сомасын (көрсетілген қызметтер актісіне сәйкес) және басқа да қызметтерді, сондай-ақ магистральдық және станциялық жолдардағы бос тұрып қалғаны үшін төлемді, вагондарды беру және жинау үшін алымды, жүктердің, вагондар мен контейнерлердің келуі туралы алдын ала ақпарат беру үшін алымды, оператор алымын, күзет қызметінің кідіргені үшін алымды, сондай-ақ басқа да қызметтерді қамтуы мүмкін теміржол көлігі қызметтері үшін шығыстар сомасын ұстап қалуға;

6.4.9. Жеткізілген Тауардағы кемшіліктерді жоюды немесе оны жаңасына ауыстыруды талап етуге;

6.4.10. Тауардың/Шарттың құнын одан әрі азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардан немесе оның бір бөлігінен бас тартуға немесе сапасыз Тауарды Өнім берушіге қайтаруға құқылы.

6.4.11. Қажет болған жағдайда, Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) жүргізу үшін Өнім берушінің/мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің немесе олардың өкілдерінің Шартта көзделген біліктілікке сәйкес келмейтін персоналына қол жеткізуді шектеуге немесе қол жеткізуден бас тартуға;

6.4.12. Өнім берушінің немесе оның өкілдерінің персонал мен көлік құралдарының Сатып алушының ішкі ережелерінің және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін олардың Сатып алушының объектілеріне қол жеткізуін шектеуге;

6.4.13. Өнім берушіден Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Өнім берушінің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұратуға;

6.4.14. Қордың қауіпсіз мекенжайына осы Шарт бойынша төлемдер сомалары туралы, оның ішінде Өнім берушінің атауы, шот нөмірі және төлем мақсаты туралы ақпаратты қамтитын банктік үзінді-көшірме ұсынуға;

6.4.15. Қордың сұрау салуы бойынша осы Шарт бойынша кез келген ақпаратты ұсынуға;

6.4.16. Егер Тапсырыс берушінің Тауарға қажеттілігін азайту қажеттілігі туындаған жағдайда, оның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасы төмендеген кезде, Тапсырыс беруші өзіне:

6.4.16.1. Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы, Өнім беруші Тапсырыс берушіден осындай жазбаша хабарламаны алғанға дейін іс жүзінде жеткізілген немесе жөнелтілген Тауар үшін Өнім берушіге төлемді жүзеге асыра отырып, кез келген уақытта біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Өнім берушінің Шартты бұзу туралы Сатып алушыдан жазбаша хабарлама алғаннан кейін Тауарды кез келген жөнелтуі Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір өтемақыға жатпайды;

6.4.16.2. Тауардың көлемін (санын) азайту (қысқарту) туралы қосымша келісім жасасуға құқылы. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен жеткізген және қабылдаған Тауардың құнын ғана төлейді;

6.4.17. Тапсырыс берушінің аумағында (оның ішінде келісімшарттық/келісімшарттан тыс) кез келген уақытта және орында/объектіде барлық көлік құралдарын және арнайы техниканы тиісті құжаттармен (ҚР көлік құралын тіркеу туралы куәлігі, жүргізуші куәлігі, бағыттама парағы, тауар-көлік жүккұжаты, ТМҚ қабылдап алу-тапсыру актісі және т.б.) тексеруге және қарап тексеруге құқылы. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Сатып алушы және(немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге жібермеуге, сондай-ақ құқық бұзушылық, Тапсырыс берушінің аумағында қылмыс анықталған жағдайда аумақтан шығарып жіберуге немесе ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

6.4.18. Өнім беруші Тауардағы ел ішіндегі құн үлесі бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және залалдарды өтеуді талап етуге;

6.4.19. Тапсырыс беруші Өнім берушіден өндірістік қуаттарын, активтері мен қаржылық тұрақтылығын растайтын құжаттар мен өзге де мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ Өнім берушінің объектілеріне барып тексеру жүргізуге құқылы.

## 7. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

7.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарды оның техникалық сипаттамасына және Шарттың талаптарына сәйкестігіне тексеруге құқылы.

7.2. Жеткізілген Тауарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Тауарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

7.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Өнім беруші 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым жеткізуші мойындаған болып саналады және жеткізуші өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 10 (он) ішінде міндеттенеді) хабарламаны алған сәттен бастап жұмыс күндері тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.4. Егер Тапсырыс беруші тауарды алған сәттен бастап 10 (оң) ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленеді.

7.5. Тауарды қабылдау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

7.5.1. Тауарды түсіру: Өнім беруші Тауарды түсіруді Тапсырыс берушінің қоймасының аумағында, Тапсырыс беруші комиссиясы мүшелерінің қатысуымен арнайы бөлінген орындарда жүргізеді. Комиссияның жеткізілген Тауардың санына/көлеміне, жиынтығына және ілеспе құжаттарға наразылығы болмаған жағдайда комиссия мүшелері Өнім берушінің өкілімен бірлесіп Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан 2 (екі) данада Қорлардың кіріс ордерін жасайды және оған қол қояды. Шарт бойынша Тауар бөлшектер бойынша жеткізілген жағдайда Тараптар жеткізілген Тауардың әрбір партиясына Қорлардың кіріс ордерін жасайды және оған қол қояды.

7.5.2. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды Тауарды қоймаға жеткізудің нақты күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді:

7.5.2.1. Тапсырыс берушіде Тауардың сапасына, жинақталуына және санына ескертулер болмаған жағдайда Тараптар осы Шарттың № 4 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қорлардың кіріс ордеріне қол қояды. Қорлардың кіріс ордеріне бөліктерге бөлумен қол қоюға жол беріледі. Шарттың осы тармағына сәйкес Қорлардың кіріс ордеріне қол қою Тапсырыс берушіге Тауарларға меншік құқығының ауысуын және тиісінше Тапсырыс берушіде берілген Тауардың құнын төлеу бойынша міндеттемелердің туындауын білдіреді.

7.5.2.2. Жеткізілген Тауарда сапасы, саны және жиынтығы бойынша кемшіліктер анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 7-бөліміне сәйкес, сондай-ақ өзінің таңдауы бойынша тұрақсыздық айыбын қолдануға құқылы: і. Тауарға сатып алу бағасын мөлшерлес төмендетуді талап етуге; іі. сапасы тиісті емес Тауарды Шартқа сәйкес келетін тауарға ауыстыруды талап етуге; іі. Өнім берушіден Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды талап ете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

7.6. Тапсырыс беруші Тауарды «Ақшабұлақ» кен орнындағы (Қызылорда облысы, Сырдария ауданы) «Қазгермұнай БК» ЖШС Тауар-материалдық құндылықтарды қабылдау стандартына сәйкес күнделікті сағат 09:00-ден 16:00-ге дейін; бас кеңседе (120018, Қызылорда қ. Тасбөгет а., Жаңадария шатқалы, 101 ғимараты, тел.+77242 279813) тек жұмыс күндері сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін және сағат 14: 00-ден 16:00-ге дейін қабылдайды.

7.7. Металлдан жасалған тауарларды (СКҚ, штангалар, пакерлер, СК, штоктар, плунжерлер, гайка кілттері, бұрғылар, табақтар, арматура, швеллерлер, кабельдер және т.б.) қабылдау кезінде Тапсырыс беруші металдың техникалық сипаттамаларға сәйкестігін тексереді. Сәйкессіздіктер анықталған кезде Тауар Тапсырыс берушімен қабылданбайды, ал Өнім беруші жұмсаған тасымалдауға және сақтауға жұмсалған барлық шығындар өтелмейді. Өнім беруші Тауарды тиеп-жөнелту алдында қабылдауды келісуге құқылы.

7.8. Тапсырыс беруші қаптаманың тұтастығы бұзылған болса, жеткізілген Тауардан бас тартуға құқылы.

7.9. Кемшіліктері бар Тауарды ауыстыру тәртібі осы Шартпен келісілген Тауарды жеткізу шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарды ауыстыруға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді.

7.10. Кейіннен Тауардың кемшіліктері анықталған жағдайда (кепілдік мерзімі кезеңінде), Тапсырыс беруші бұл туралы Өнім берушіге Шартта көзделген кепілдік мерзімі шегінде жазбаша хабарлауға міндетті, және Тараптар төменде көрсетілген мерзімде ҚР ҚМ №562 бұйрығымен бекітілген А-4 нысаны бойынша анықталған кемшіліктерді көрсете отырып, активтердегі анықталған ақаулар туралы актіні ресімдейді.

7.11. Активтердегі анықталған ақаулар туралы акті Тауардағы кемшіліктердің табылғаны туралы Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ресімделеді. Көрсетілген бес күндік мерзім Өнім беруші өкілінің тиісті Тауардың орналасқан жеріне келуі үшін қажетті мерзімге, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады. Өнім беруші белгіленген мерзімде активтердегі анықталған ақаулар туралы актіні жасауға қатысу үшін келмеген жағдайда, активтердегі анықталған ақаулар туралы актіні Тапсырыс беруші Өнім берушінің қатысуынсыз жасайды. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші активтердегі анықталған ақаулар туралы актіні жасауға қатысу үшін өз қаражаты есебінен үшінші тәуелсіз тұлғаны (мүлікті бағалау бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар) Тапсырыс берушінің қалауы бойынша айқындауға құқылы. Үшінші тәуелсіз тұлғаның Тауарда кемшіліктердің бар екендігі және осыған байланысты Тапсырыс берушінің Өнім берушіге қойған талаптарының негізділігі фактісін растаған жағдайда, Тапсырыс берушінің үшінші тәуелсіз тұлғаны тартуға байланысты шығыстарын Өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша толық көлемде өтеуі тиіс.

7.12. Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен жасалған, Тауардағы кемшіліктер көрсетілген активтердегі анықталған ақаулар туралы акті негізінде талаптар қойған жағдайда, тиісті актіде көрсетілген кемшіліктер Өнім берушімен расталды деп есептеледі және Өнім беруші Тапсырыс берушінің қоятын талаптарын орындауға міндетті.

7.13. Тауардағы кемшіліктерге байланысты талаптарды Тапсырыс беруші, егер олар кепілдік мерзімі ішінде табылған жағдайда, кейіннен қоюы мүмкін. Бұл ретте:

7.13.1. жиынтықтаушы бұйымдарға негізгі бұйымға қарағанда аз мерзімді кепілдік мерзімі белгіленген жағдайда, Тапсырыс беруші

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жиынтықтаушы бұйымның кемшіліктері туралы талаптарды олар негізгі бұйымға кепілдік мерзімі ішінде анықталған кезде қоюға құқылы;

7.13.2. егер жиынтықтаушы бұйымға негізгі бұйымға кепілдік мерзімінен ұзағырақ кепілдік мерзімі белгіленсе, Тапсырыс беруші Тауардағы кемшіліктер туралы талаптарды, егер жиынтықтаушы бұйымдағы кемшіліктер оған кепілдік мерзімі ішінде анықталса, негізгі бұйымға кепілдік мерзімінің өтуіне қарамастан қоюға құқылы.

7.13.3. Егер Тауарға жарамдылық мерзімі белгіленсе, Тапсырыс беруші Тауардың кемшіліктері туралы, егер олар Тауардың жарамдылық мерзімі ішінде анықталса, талаптар қоюға құқылы;

7.13.4. Шартта көзделген кепілдік мерзімі екі жылдан аз болған және Тауардың кемшіліктері Тапсырыс берушімен кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ Тараптар тиісті Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап екі жыл ішінде анықталған жағдайларда, егер Тапсырыс беруші Тауардың кемшіліктері Тауар Тапсырыс берушіге берілгенге дейін немесе осы сәтке дейін туындаған себептер бойынша пайда болғанын дәлелдесе, Өнім беруші жауапты болады.

7.14. Егер Тапсырыс беруші Тауардың кемшіліктері оны Тапсырыс берушіге бергенге дейін немесе осы сәтке дейін туындаған себептер бойынша пайда болғанын дәлелдесе, Өнім беруші Тауардың кемшіліктері үшін жауап береді. Өнім беруші сапа кепілдігін берген Тауарға қатысты Өнім беруші, егер Тауардағы кемшіліктер оларды Тапсырыс берушіге бергеннен кейін Тапсырыс берушінің Тауарды пайдалану немесе сақтау ережелерін бұзуы немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері не еңсерілмейтін күш салдарынан туындағанын дәлелдемесе, Тауардың кемшіліктері үшін жауап береді. Егер Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіден Тауардың кемшіліктерін (оның ішінде ақауларды, ақаулықтарды және т.б.) өтеусіз жоюды не сапасыз Тауарды Шартқа сәйкес келетін Тауарға ауыстыруды талап еткен жағдайда, Өнім беруші мұндай жоюды не ауыстыруды Шартта көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға міндеттенеді.

7.15. Кемшіліктері бар Тауарды ауыстыруға және жөндеуге, оның ішінде жиынтықтаушылар мен қосалқы бөлшектерге (егер қолданылатын болса) және жеткізу, сақтау және тасымалдау бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші толық төлейді.

## 8. Кепілдіктер мен сапа

8.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциямен, материалдармен немесе жұмыспен байланысты ақаулары болмауын қамтамасыз етеді.

8.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 месяцев белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

8.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауардың ақаулары немесе оның Шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Өнім беруші өз есебінен Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күндері ішінде ақаулы Тауарды жаңасына ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауарға кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығындарды Өнім беруші көтереді.

8.4. Егер Тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

8.5. Өнім беруші кепілдік береді:

8.5.1. Шарттың мәні болып табылатын тауарлар сапалы, жаңа, үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан бос болып табылады және нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ОСТ, ТҚ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына сәйкес келеді.

8.5.2. Өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық рұқсат беру құжаттары, сондай-ақ лицензиялары және өзге де қажетті құжаттары болады.

8.5.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды беруге міндеттенеді.

8.5.4. Тауарлар барлық кепілдік мерзімі ішінде барлық нормативтік талаптарға сәйкес болуы тиіс. Кепілдіктің мерзімдері мен шарттары Техникалық ерекшелікте көрсетілген.

8.5.5. Кепілді мерзім ішінде не Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 430-бабында көзделген мерзімдер ішінде Тауарды сапасыз жеткізу және Тауардың кемшіліктерін анықтау - Шарттың 7.5.2.2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 428-бабында көзделген салдарларға әкеп соғады.

8.5.6. Тауарларды шығару күні Техникалық ерекшелікте (№ 2 қосымша) көрсетілген мерзімдерден аспауы тиіс, ал Техникалық ерекшелікте мерзімдер болмаған жағдайда тиеп жөнелту күніне дейін күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспауы тиіс.

8.6. Егер Өнім беруші Тапсырыс беруші мәлімдеген ақауларды/кемшіліктерді толық көлемде және белгіленген мерзімде жоймаса, Онда Тапсырыс беруші Сақтандыру шартының 9-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын қолдануға құқылы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.7. Сақтандыру:

8.7.1. Шарттың барлық қолданылу мерзіміне, егер бұл тендерлік құжаттамада немесе Тапсырыс берушінің басқа да жеке талабында көзделсе, Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін тәуекелдердің барлық түрлерін сақтандыруға және сақтандырудың барлық түрлерін төлеуге тиіс.

8.7.2. Барлық сақтандыру полистері сақтандыру компаниясының Тапсырыс берушінің шығыстарды өтеуін талап етуге және Тапсырыс берушіге талап қоюға құқығы болмайтынына кепілдік беретін шарттарды қамтуы тиіс.

8.7.3. Өнім беруші сақтандырудың Өнім берушінің осы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерін шектеу ретінде түсіндірілмейтінін есепке алады.

8.7.4. Өнім беруші осы Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігер ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қосалқы мердігер ұйымдар беретін Тауарды жеткізуге байланысты тәуекелдерді жабатындай көлемде және түрде сақтандырылуын қамтамасыз етуге тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Өнім беруші әрбір қосалқы мердігерлік ұйымның сақтандырылуын растайтын сақтандыру сертификаттарын ұсынуға тиіс.

8.7.5. Әрбір Тарап Шартқа қол қойылған күні Шартқа қол қою және онда көзделген іс-әрекеттерді орындау үшін оның барлық құқықтары мен өкілеттіктері бар екенін, сондай-ақ Шартқа қол қоюға, ұсынуға және орындауға тиісті түрде санкция берілгенін, сондай-ақ Шартқа Тараптың атынан қол қоятын тұлғаның тиісті түрде уәкілеттік берілгенін мәлімдейді және кепілдік береді.

## 9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

9.2.1. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

9.2.2. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізу мерзімінің әрбір күнтізбелік күні үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде шарттың жалпы сомасы 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

9.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.2.4. Өнім берушінің осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін (Тауарды жеткізу мерзімі өткен жағдайларды қоспағанда) Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Шарттың жалпы құнының 10%- і мөлшерінде, жеткізілмеген немесе тиісінше орындалмаған Тауардың әрбір осындай жағдайы үшін айыппұл төлеуге міндетті;

9.2.5. Өнім берушінің Қосалқы жұмыстарды (қызметтерді) орындау жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 15%- і мөлшерінде айыппұл төлейді (Қосалқы жұмыстарды (қызметтерді) орындау Шарттың талаптарында көзделген жағдайда қолданылады);

9.2.6. Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты бас тартқан кезде, Өнім беруші Шарттың талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде, Өнім беруші Шарттың 9.2.4-тармағында көзделген айыппұлды Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті;

9.2.7. Шартта көзделген тұрақсыздық айыбын төлеуден басқа, Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсетілген тұрақсыздық айыбынан тыс толық көлемде, оның ішінде алынбай қалған пайданы қоса алғанда, залалдарды өтейді;

9.2.8. Егер Өнім беруші Тауардың уақтылы жеткізілмеуі немесе жеткізілмеуі, бүкіл немесе бір бөлігінің, сондай-ақ Қосалқы жұмыстардың (қызметтердің) уақтылы орындалмауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы;

9.2.9. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Өнім беруші белгіленген мерзімде осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған, және (немесе) Шарт тоқтатылған (оның ішінде оны бұзу жолымен) жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығысы жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша қайтарылуға тиіс соманың 0,1% мөлшерінде кешіктірілген әрбір күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% - інен аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін өсімпұл төлеуге міндетті;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.2.10. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені ұсынбаған жағдайда, өнім беруші жеткізілген тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті қабылдау – беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін өнім беруші төлеуі тиіс шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде өз өндірісінің тауарын жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапты болады (қолданылады сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен шарт жасасу кезінде;

9.3. Өнім беруші осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

9.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасы 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.4.2. Жеткізуші ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.4.3. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуі тиіс.

9.4.4. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.4.5. Тапсырыс беруші Қабылдап алу - тапсыруактісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасы 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.4.6. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

9.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осы шығынға байланысты туындаған шығын үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

9.6. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға тауарды нақты жеткізген кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген аванста қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.7. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген тәртіппен жолдайды.

9.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.9. Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды есептеу Шарттың талаптарына сәйкес ілеспе құжаттардың толық пакетімен Тауарды жеткізу күні бойынша жүргізіледі.

9.10. Жеткізілетін Тауардың тауар өндірушісіне Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды уақтылы жеткізбегені не оны жеткізуден бас тартқаны үшін есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдың) жалпы мөлшері Шарт сомасының 10%- інен аспауы тиіс.

9.11. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуді Тараптар басқа Тараптан тиісті талапты алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады (бұл ретте төлем үшін негіз төлем шоты болып табылады).

9.12. Өнім беруші Тапсырыс берушінің өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу үшін Өнім берушіге қойған төлем талабы, сондай-ақ жауапты сақтау үшін шығыстар жеткізілген Тауарға төлем бойынша, өсімпұл және/немесе айыппұл мен жауапты сақтау үшін шығыстарды төлеу бойынша өзара біртекті талаптарды есепке алу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қосылатынына келіседі.

9.13. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша және Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған өзге шарттар бойынша төленуге тиіс сомалардан Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық айыбының сомасын, сондай-ақ залалдар мен алынбай қалған пайданы өтеуге

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ұстап қалуына келіседі.

9.14. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша және Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған өзге шарттар бойынша төленуге тиіс сомалардан Шарт бойынша міндеттемелерді Тапсырыс берушінің орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан өтелуге тиіс және Тапсырыс берушіге тиесілі нақты залалдар мен алынбай қалған пайда сомаларын ұстап қалуына келіседі.

9.15. Шарттың күші тоқтатылған (оның ішінде оны бұзу жолымен) кезде Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлемнен аз сомаға Тауар іс жүзінде жеткізілген жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.16. Тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуі тиіс.

9.17. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші, сондай-ақ олардың қосалқы мердігерлері (қосалқы жеткізушілері), қызметкерлері, агенттері мен қызметшілері ҚР Салық кодексінің ережелерін және оларға қолданылатын басқа да ережелерді, оның ішінде есептерді жасау және ұсыну және кез келген салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді сақтағаны үшін жауапты болады.

## 10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныста өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

10.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 40- бабы 2-тармағында көзделген; 2) Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

10.3.1. При этом Поставщик обязуется предоставить нотариально засвидетельственные документы, доказывающие понесённые им расходы связанные с выполнением настоящего Договора.

10.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

10.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

10.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Хабарламада себеп көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шартты бұзған кезде Өнім беруші шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзған күні төлеуді талап етуге құқылы. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Мердігердің шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

10.7. Тапсырыс беруші Өнім берушінің өз міндеттемелерін бұзуына байланысты Шартты бұзған кезде, Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Шартта көзделген айыппұл санкцияларының сомасын төлеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге залалдарды, оның ішінде алынбай қалған пайданы өтеуге міндетті.

10.8. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Тараптардың бұл үшін уәкілетті өкілдері қол қойған қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделген жағдайда ғана жарамды болып есептеледі.

10.9. Шарт Тапсырыс беруші Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген жағдайда, Өнім беруші негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға шарттың сомасын ұлғайтудан бас тартқан кезде Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10.10. Тараптар кез келген уақытта Шартты өзара келісім бойынша бұза алады.

10.11. Егер Өнім берушіге Тапсырыстың 31 бап, 1 тармақ бойынша көрсетілген шектеулер қойылса, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы.

**11. Хат-хабар**

11.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

11.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

11.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

11.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

11.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

11.6. Тапсырыс беруші кез келген уақытта және кез келген негіздер бойынша Өнім берушіге Тауарды жеткізуді ішінара не тұтастай тоқтата тұруға, Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты шығыстарды төлей отырып, жазбаша хабарлама жіберу арқылы құқылы.

11.7. Жеткізуді тоқтата тұру туралы хабарламаны алған кезде Өнім беруші, егер хабарламада өзгеше көзделмесе: 1) хабарламада көрсетілген күні және көлемде жеткізуді дереу тоқтатады; 2) тоқтатыла тұруға таралмайтындарды қоспағанда, тоқтатыла тұрған жеткізуге қатысты ешқандай одан әрі тапсырыс бермейді және жеткізуге байланысты қосалқы мердігерлік және/немесе қосалқы жеткізу туралы шарттар жасаспайды.

11.8. Бұл ретте Өнім беруші жеткізу тоқтатыла тұруы таралмайтын тауарды жеткізуді жалғастырады.

11.9. Егер Өнім беруші хабарламаны алғаннан кейін Тапсырыс беруші тоқтата тұрған тауарды жеткізуге байланысты тауарларды сатып алуды немесе өзге де шығындарды жүргізсе, Тапсырыс беруші Өнім беруші жұмсаған мұндай шығындарды ескермеуге және төлемеуге құқылы.

11.10. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы бүкіл жеткізуді немесе оның бір бөлігін қайта бастауға құқылы. Жеткізуді қайта бастау туралы хабарламаны алған кезде Өнім беруші мұндай тоқтатыла тұрған жеткізуді Шартта көзделген талаптар мен жеткізу мерзімдеріне сәйкес дереу қайта бастауы тиіс. Бұл ретте жеткізу мерзімі жеткізуді қайта бастау туралы хабарлама күнінен бастап есептеледі.

**12. Шарттың қолданылу мерзімі**

12.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шартқа №1 және №2 Қосымшаларда көрсетілген мерзім ішінде қолданылады, (егер Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес Шарт жасасуды мақұлдау туралы шешімді Тапсырыс берушінің қызметін басқару жөніндегі уәкілетті органы (Байқау кеңесі) қабылдауы талап етілсе, онда Шарт Шарт жасасуды мақұлдау туралы тиісті шешім қабылданған және оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді).

**13. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)**

13.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни осы жағдайларда төтенше және болдырмауға болмайтын мән-жайлардың салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

13.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайы туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап, «Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі берген еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының туындағаны туралы куәлікті ұсынуға, сондай-ақ осындай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде басқа Тарапқа форс-мажордың болжамды әрекет ету мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауы тиіс. Егер форс-мажорлық мән-жайлар Қазақстан Республикасының резиденті емесіне әсер етсе, шартты орындау бойынша міндеттемелерді атқаратын тарап орналасқан елдің құзыретті органы берген осындай мән-жайлардың туындағаны фактісін растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

13.3. Тараптар, сондай-ақ, егер Тараптардың қандай да бірінің міндеттемелерді орындауы ереуілдерге, наразылық акцияларына,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

локауттарға, өзге де еңбек жанжалдарына немесе мемлекеттік билік органы немесе «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының компаниялар тобына кіретін ұйымдардың тыйым салу сипатындағы шешімдері немесе шараларына және Шартты орындау мүмкін болмауына әкеп соққан, Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс басқа да мән-жайларға байланысты мүмкін болмаса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

13.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары және/немесе Шарттың 13.1. және 13.3-тармақтарында көрсетілген өзге де мән-жайлар туындаған кезде міндеттемелерді орындау осы мән-жайлардың әрекет ету уақытына кейінге қалдырылады.

13.5. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың және олардың ұзақтығының жеткілікті дәлелі «Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы» ЖШС берген куәліктер болып табылады. Егер форс-мажорлық мән-жайлар Қазақстан Республикасының резиденті емесіне әсер етсе, шарттың талаптарын орындауға міндетті тарап орналасқан елдің құзыретті органы берген осындай мән-жайлардың туындағаны фактісін растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

13.6. Шарттың 13.2 және 13.3-тармақтарында келісілген тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

13.7. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындауының мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы болса, онда Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуларды жүргізуге құқылы болады.

## 14. Дауларды шешу тәртібі

14.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

14.2. Осы Шартпен Тараптар дауларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызылорда облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге тиіс екендігі туралы келісімге келді.

14.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

## 15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

15.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

15.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

15.9. Өнім беруші осы шарт бойынша әрекет ететін өзімен аффилиирленген барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Аффилиирленген тұлға» деп аталады), Өнім берушінің иелерін, директорларын, лауазымды тұлғаларын, қызметкерлерін және агенттерін шектеусіз осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.10. Өнім беруші және барлық Аффилиирленген тұлғалар мынадай әрекеттерді тікелей немесе жанама түрде жасамауға міндеттенеді:

15.10.1. Серіктестік үшін бизнесті заңсыз алу, сақтау немесе жүргізу не заңсыз артықшылықтар алу мақсатында мемлекетпен байланысты кез келген тұлғаларға қандай да бір ақшалай қаражатты төлеуге немесе өзге де құндылықтарды (сыйлықтарды, ойын-сауықтар мен субсидияларды қоса алғанда) беруге ақы төлеуге, ұсынуға, уәде беруге не рұқсат беруге.

15.10.2. Коммерциялық сатып алуды және бизнесті жүргізудің өзге де заңға қайшы және заңсыз құралдарын қоса алғанда, коммерция саласында парақорлыққа тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын өзге де іс-әрекеттер жасамау.

15.11. Өнім беруші мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар тұлғалары жоқ. Өнім беруші қандай да бір Саяси маңызы бар тұлға Өнім берушінің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған не Өнім берушіден тікелей немесе жанама қатысу үлесін сатып алған барлық жағдайлар туралы Серіктестікті жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.

15.12. Өнім беруші қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек заңды қаржыландыру көздері ғана бар.

15.13. Жеткізуші және оның аффилиирленген тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы әрекеттерді жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған. Егер Өнім беруші немесе оның қандай да бір Аффилиирленген тұлғалары осындай құқыққа қарсы әрекеттерді жасағаны үшін соталса немесе кінәлі деп танылса, Өнім беруші Серіктестікті жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.

15.14. Жеткізуші «Қазгермұнай» БК» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) Іскерлік әдеп кодексімен және Серіктестіктің ресми веб-сайтында Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатымен танысқанын растайды. Жеткізуші Серіктестіктің Іскерлік әдеп кодексін және Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатын толық түсінетінін куәландырады.

15.15. Өнім беруші осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптарын шынайы немесе ықтимал бұзған жағдайда Серіктестікке адал көмек көрсетуге және жәрдемдесуге міндеттенеді, оның ішінде өз иелеріне, директорларға, лауазымды адамдарға және өзге де Аффилиирленген тұлғаларға сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.16. Өнім беруші Серіктестіктің қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы Серіктестікке уақтылы хабарлауға міндеттенеді. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін Өнім беруші Серіктестіктің «Жедел желісін» пайдалануға міндетті, ол туралы ақпарат Серіктестіктің ресми веб-сайтында орналастырылған.

**16. Құпиялылық**

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

16.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

16.3. Егер Шарт Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қорды басқару жөніндегі кеңестің тапсырмасын орындау шеңберінде жасалған жағдайда, Шарттың 16.1-тармағының бірінші абзацы Тараптардың қатынастарына, сондай-ақ акцияларды және/немесе активтердің өзге де сыныптарын қор нарығында орналастыру/сатып алу/делистингілеу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ақпаратқа және шарттарға, Сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібіне сәйкес жасалған сатып алу туралы ақпаратқа және шарттарға қолданылмайды.

16.4. Құпия ақпарат мыналарды қамтиды:

16.4.1. Тараптардың қаржылық немесе шаруашылық қызметіне қатысы бар мән-жайлар;

16.4.2. Шартты орындауға қатысы бар Тараптардың лауазымды тұлғалары туралы деректер, оның ішінде олардың жеке деректері (тегі, мекенжайы, телефондары және т. б.);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

16.4.3. Шарттың мәніне қатысы бар үшінші тұлғалар туралы мәліметтер, оның ішінде олардың лауазымды тұлғаларының есімдері және басқа да жеке деректері;

16.4.4. Шарт бойынша төлем туралы ақпаратты қоспағанда, Шартты орындау барысы туралы ақпарат;

16.4.5. Шартты орындау барысында Тараптар құпия деп таныған кез келген өзге ақпарат.

16.5. Тараптар бір-бірінің алдында құпия ақпаратты заңсыз жария ету нәтижесінде басқа Тарапқа келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

16.6. Тараптар өз персоналы, өкілдері, агенттерінің осындай ақпараттың құпиялылығын сақтауын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті сақтық шараларын қабылдауға тиіс. Өнім беруші құпия ақпаратты өз персоналы, өкілдері немесе контрагенттерінің жариялауы үшін жауапты болады. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тараптар құпия ақпаратты жарияламау туралы тиісті келісімге қол қоюы тиіс.

**17. Зияткерлік меншік**

17.1. Тапсырыс берушінің Өнім берушіге берген кез келген түрдегі сызбалары, құжаттары, деректері мен ақпараттары Тапсырыс берушінің меншігі болып есептеледі. Оларды Тапсырыс берушіден алдын ала жазбаша нысанда алынған рұқсатсыз үшінші тұлғаларға беруге немесе Шартты орындау мақсатынан басқа кез келген өзге мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады. Бұл ретте Өнім беруші оларды Шартты орындау аяқталғаннан кейін пайдаланбауға міндеттенеді.

17.2. Тапсырыс берушіге Өнім беруші Шартты орындау шеңберінде берген сызбалар мен құжаттарды, оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша тиісті құжаттарды пайдалану құқығы беріледі.

